

«Бекітемін»

«Атырау облыстық АИТВ орталығы»

директоры

А.Ж.Кудаманова



ХАТТАМА

«Атырау облыстық АИТВ орталығы» ШЖҚ КМК бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мақсатында қызметкерлерімен орталықтың комплаенс-офицері 2026 жылдың 1 тоқсанға түсіндіру жиналысы.

Атырау қаласы

19 наурыз 2026 жыл

Хатшы: Б.Тайжанов Атырау облыстық АИТВ орталығының комплаенс-офицері.

Қатысқандар: Атырау облыстық АИТВ орталығының қызметкерлері;

Күн тәртібі: Атырау облыстық АИТВ орталығы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдардың алдын алуға, Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кедергі келтіретінін, әлеуметтік дерт екенін, қызметкерлер өз міндеттерін атқару барысында заңнама талаптарын сақтау мәселері мақсатында түсінік жұмыстарын жүргізу.

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық әлемнің көптеген елдерінде кездесетін күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Бұл құбылыс қоғамның барлық саласына әсер етіп, мемлекеттің дамуын тежейді. Сыбайлас жемқорлық тек экономикалық немесе саяси мәселе ғана емес, ол – моральдық құндылықтардың әлсіреуінің де белгісі. Сондықтан оны қоғам дерті деп атауға толық негіз бар.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – қызметтік өкілеттікті жеке басының пайдасы үшін заңсыз пайдалану. Оның түрлері өте көп: пара беру мен пара алу, қызмет бабын асыра пайдалану, таныстық немесе туыстық арқылы белгілі бір артықшылықтарға ие болу. Мұндай әрекеттер қоғамдағы әділдік қағидаларын бұзады және заң үстемдігіне нұқсан келтіреді. Нәтижесінде, адал еңбек еткен адамдар емес, заңды айналып өтетіндер табысқа жететіндей көрінеді.